

Қазіргі таңда ағылшын тілі алпауыт елдер арасындағы алтын көпірге айналып отыр. Ол 450 миллионнан аса адамның ана тіліне, 20 шақты елдің мемлекеттік қолданыс тіліне айналған. Ағылшын тілінің әлем экономикасындағы әлеуеті де жоғары. Ғаламдық тілдер рейтингінде 2-ші орынға жайғасқан бол тіл елдер арасындағы бейбіт келісімнің берік байланысы болып орынды.

Шет тілдерін үйрену әр азamatтың дүниетанымын көңеитуге көмек береді, білім түрғысынан бәсекеге қабілетті арттырады. Қазіргі таңда, біздің жеке тандауларымызға деген біршама шектеулер шегеріліп, азаматтық еркіндік берілді. Бұл еркіндік – сана еркіндігі, даму еркіндігі. Біз мансаптық дамудың озық перспективасын ұстана отырып, да-мыған елдермен ишкі тіресуғе барынша күш жұмсауымыз керек. Қазақстандағы шет тілі бойынша жүргізіліп отырған оқу-ағарту ісінің

# «ЖЕТІ ЖҮРТТЫҢ ТІЛІН БІЛ,

# ЖЕТІ ТҮРЛІ ІЛІМ БІЛ»

де негізгі мақсат, муддесі – осы. Ағылшын тілі – шекіртеріміздің біліктілігін арттырып, білім саласында қайта нақас жетістікке жетіп, үлкен аренадан көрінуіне септігін тиғізеді деп сенеміз. Сөздік пен грамматиканы білу білім алушыларға әлемнің тандаулы, үздік оку орындарына жол ашады. Оны тәмәмдағаннан соң әлемнің кез келген елінде сұранысқа ие маманға айналып, жұмыс таба алады. Қарапайым аудармашы мамандығының өзі адамдарға турақты және лайықты табыс алып келеді. Тілді жетік менгерген азамат кез келген халықаралық компанияда еңбек етіп, тіпті қашықтан жеке ағылшын тілі сабакын бере алады. Кез келген елде гид болуына, жеке мектептер мен университеттерде сабак беруінө, яғни көптеген

мүмкіндіктерге ие болады.

Қазіргі уақытта шет тілі барлық салаларда үлкен рөл аткарады. Оның зоркениеттің барлық қылғасын толық пайдаланып қана қоймай, лайықты білім алу, еңбек ету, қызықты қарым-қатынас жасау қынның қыны. Оны зерттеудің маңыздылығы мен өзектілігі жыл сайын артып, адамдар ағылшын тілін менгеру олардың өмірлерін өзгертуге жол ашатынын түсінді.

Әр нәрсеге уақытында қол жеткізіп, ешқайда кешікпеуге тырысамыз. Қай қызметте болсын тек алға үмтүламыз. Ал, бүгінде жұмыста табысты және сұранысқа ие болу үшін қөп жерде шет тілдерін білуді талап етеді. Ең танымал және кең тараған тілдердің бірі әрі бірегейі дәл осы – ағылшын тілі.

«Жеті жүрттың тілін біл,

жеті түрлі ілім біл» деп ба-  
баларымыз айтып кеткендей,  
үлгітын саналы білім алып,  
сарапы өмір сүруін көзделсек,  
бүгіннен бастап анатолімізден  
қатар, шет тілін де менгеруді  
қолға алғанымыз жөн. Сонда  
ғана кемелденген үрпак тәр-  
биеleп, келешекке нық сенім-  
мен көз жүгірте аламыз. Тіл –  
ақылдың өлшемі. Біз қан-  
ша көп тілді менгерсек, сон-  
шалықты пайым-парасаты-  
мыз толығып, дүниетанымы-  
мыз кенейеді.

**Закира ЕМКУЛОВА,  
Валентина МОРОЗОВА,  
М. Әуезов атындағы  
ОҚУ «Филология»  
факультеті  
«Гуманитарлық  
мамандықтар үшін  
шетел тілі»  
кафедрасының магистр,  
ага оқытушылары**